

Г.М. Смағұлова, Б.Т. Төлеуова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: gylnara2005@mail.ru)***Орталық Қазақстанның жаңа есімдері: З.Н. Сәбитова**

Мақалада қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы инженер-металлург, 1950 және 1954 жылдарғы КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болған Зылиха Нығметқызы Сәбитованың өмірі мен еңбек жолдарының кейбір кырлары баяндалды. Ресейдің Астрахань губерниясында дүниеге келіп, орта мектепті Алматыда, жоғары оқу орнын Мәскеуде бітірген З.Н. Сәбитованың Қазақстанның Балқаш қаласындағы тау-кен металлургия комбинатындағы еңбек еткен жылдары қарастырылды. Авторлар З.Н. Сәбитованың Балқаш қаласындағы № 1 құю цехында инженер-технолог болып жұмыс істеген кезіндегі оның шихта картасын жасауы арқылы, өндіріс өнімі көлемінің ұлғаюына қосқан үлесі, сондай-ақ инженер-технолог болып істеген кездегі қолжеткен технологиялық жеңістердің кейбірін нақты мысалдармен көрсетуге тырысады. Сирек мұрағат деректерін пайдалана отырып, З.Н. Сәбитованың депутат болған кездегі атқарған істері, шетелдік сапары туралы баяндалды.

*Кілт сөздер:* З.Н. Сәбитова, инженер-металлург, инженер-технолог, № 1 құю цехы, шихта картасы, КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты.

2017 жылдың 12 сәуірінде Қазақстан Президенті Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақаласында [1] таяу жылдарда атқарылатын бірқатар міндеттерді атап көрсеткен болатын. Солардың ішінде қазақ тілін латын графикасына көшіру; қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»; «Туған жер»; «Қазақстандағы 100 жаңа есім» тәрізді таяу жылдары атқарылуы тиіс жобаларды ұсынды. Қазіргі кезде Президент ұсынған жобалар бойынша Қазақстанның барлық аймағында ауқымды іс-шаралар атқарылуда.

«Туған жер» жобасы бойынша жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелейтін кешенді істер Сарыарқа жерінде де басталып кетті. «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», — деген болатын Н.Назарбаев өз мақаласында [1]. Сондай біртуар перзенттердің қатарына осы мақаланың арқауы болып отырған Сәбитова Зылиха Нығметқызын жатқызуға болады.

Сәбитова Зылиха Нығметқызы 1923 жылы Астрахан губерниясында қызметкердің жанұясында дүниеге келген. Мұрағат қорында сақталған құжатта Зылиха Нығметқызы өзінің өмірбаянында былай деп жазған: «1932 жылы Мәскеу қаласындағы бастауыш мектепке түсіп, оны үш жыл оқыдым. 1935 жылы Мәскеудің Шығыстану институтын бітірген әкемді Сталинабад қаласына, артынан бір жылдан соң Алматыға ауыстырды. 1942 жылы Алматыдағы № 39 мектепті бітіріп, М.И. Калинин атындағы Мәскеу түсті металдар және алтын институтының «Түсті металдар технологиясы және қорыту» мамандығына оқуға түстім...» [2; 191 п.].

Мәскеу түсті металдар және алтын институтын 1948 жылы аяқтаған Сәбитова Зылиха Нығметқызы Орталық Қазақстанға – Балқаш тау-кен металлургия комбинатына жұмысқа жіберіледі. Бұл кезде Орталық Қазақстан аймағы алып империя атанған Кеңестер Одағының маңызды өндірістік өлкесі болып есептелді. Одақ бойынша Қарағанды үшінші көмір бассейні орналасқан облыс, бұдан басқа айналысында Теміртау, Шахтинск, Абай, Саран тәрізді өнеркәсіп ошақтары шоғырланған кіші қалалары бар индустриалды-өндірістік аймақ ретінде танылды. Бүгінде оның құрамына кіретін Балқаш қаласы кен-байыту құрылысымен танымал болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ел экономикасын қалпына келтіріп, оны дамытуда Орталық Қазақстанның барлық аймағы атсалысты. Орталық Қазақстанның жаңа қарқынмен дамуына түрлі саладағы мамандар өз үлестерін қосты. Солардың қатарында әйел адамдардың да болуы заңды құбылыс еді.

XX ғасырдың 50–60-шы жылдарында Орталық Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосқан инженер-техникалық білімдері бар қазақ әйелдерінің ішінде мемлекет қайраткерлері, Жоғары Кеңестің депутаттары болды. Олар өндірістік жұмыстарымен қатар, қоғамдық іс-шараларға да белсене қатысып, екеуін де қатар алып жүрді, көптеген шаруашылық және әлеуметтік мәселелерді

шешті. Солардың қатарында Сәбитова Зылиха Нығметқызы да болды. Ол Мәскеудегі М.И. Калинин атындағы Мәскеу түсті металдар және алтын институтында оқып, инженер-металлург мамандығын алған екінші қазақ қызы (*біріншісі Бегалиева Мәдина Қобжанқызы*. — Авт.) еді.

Кенестік кезеңнің дәстүрі бойынша жоғары оқу орнын бітірген мамандарды арнайы жолдамамен Одақтың кез келген жеріне еңбекпен өтеуге жіберілетін. Осы дәстүрге сәйкес Зылиха Нығметқызы Қазақстандағы Балқаш қаласына жолдамамен келеді. Ол Балқаштағы № 517 зауыттың № 1 құю цехына инженер-технолог болып жұмысқа қабылданады. Бұл цехта Зылиха Нығметқызына дейін жалғыз инженер әрі осы цехтың бастығы С.И. Ильин деген кісі жұмыс істеген екен. З.Сәбитова соғыстан кейінгі жылдары № 1 құю цехына келген жаңа мамандардың алғашқыларының бірі болды.

Зылиха Нығметқызының тікелей қатысуымен құю өндірісінің технологиялық құжаттарын жасауда үлкен жұмыстар атқарылды. Ол жұмыс істеген № 1 құю цехындағы сол кездердегі негізгі кемшілік – техникалық ережеге негізделіп жасалған шихта картасының жоқтығы еді. З.Н. Сәбитова институтта алған теориялық білімін инженер-технолог қызметі арқылы тәжірибе жүзінде қолдана алды. Соның алғашқысы шихта картасын жасауы еді. Осы жерде «шихта картасы» деген ұғымды және оның өндіріске қаншалықты маңызды екенін анықтап кетейік.

Шихта — бұл өнім құрамындағы шикізат материалдарының мөлшерленген қоспасы. Дұрыс әзірленген шихтаны алу үшін, негізгі шарттар: байытылған және дайындалған материалдарды қолдану, шикізат материалдарының мөлшерін рецепт бойынша дәл есептеу, толық біртектілік, материалдарды мұқият араластыру және пеш кеңістігіне жылдам жеткізу. Шихта біртектілігін қамтамасыз ету үшін оның ылғалдылығы мен шикізат материалдарының түйіршіктік құрамын қатаң қадағалау қажет. Шикізат материалдарының түйіршіктері белгілі өлшем шамасында болуы керек, себебі олардың бірқалыпты балкуы соған тікелей байланысты [3]. Бұл жерде шикізат материалдарына алюминий, мыс, жез тәрізді түрлі металдардың түрлері жатады. Ал шихта картасы дегеніміз — қорытпаның құрамының мөлшерін тағайындайтын әрбір химиялық элемент бойынша жалынға кететін заттардың есебін көрсетіп отыратын айна [4] тәрізді құрал.

З. Сәбитова жұмыс істейтін № 1 цехта осы шихта картасы жоқ болып шыққандықтан, мұндай картасыз жұмыс істеуге болмайтынын айтқан ол, осындай картаны қалайда жасауымыз керек деген өзінің ұсынысын жасайды. Басшылық оның бұл ұсынысын қолдап, карта жасауға рұқсат береді. Ол металл ерітудің технологиялық нұсқауын жазуға, жалпы технологиялық карта жасауға және технологиялық норма картасын сызуға белсенді атсалысады. Нәтижесінде № 1 құю цехы үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Ол туралы 1950 жылғы «Балқаш жұмысшысы» газетіне жарияланған мақаладағы мына деректер айқындайды: «... Әрбір металл құюшы металдың қай түрін қандай жағдайда құятындығын енді айқын білетін болды. Міне, бұл Зылихананың алғашқы бір үлкен еңбегі еді. Бұл еңбек 1948 жылдың соңғы тоқсанында химиялық құрам жөніндегі металл ысырабын 0, 85 проценттен 0, 55 процентке дейін азайтуға мүмкіндік берді. Тек осының өзінен ғана цех 300 мың сомға жуық қаржы үнемдеді.

№ 1 цехта металл құятын қалыптар бұрын бағалы заттар араласқан майлармен майланатын еді. Үнем үшін күресетін инженерлер мен техниктерді бұл да ойландырмай қалған жоқ. Осы ойлану нәтижесінде, Сәбитова жолдас қалыпты графит және мазуттың қосындысымен майлау әдісін тапты. Сәбитова мұның жылдық пайдасын есептеп, бұдан бір жылда 5000 мың сом үнем жасауға болады деген еді. Цех бойынша 1949 жылы осы айтылған мөлшерде қаржы үнемделді де.

Сәбитова өзімен бірге істейтін инженерлермен бірлесе жұмыс істей отырып, құйылатын әр металдың өзіне лайықты қалып жасауды жүзеге асырды. Бұрын металдың қандай түрі болса да темір қалыпқа құйылатын еді де, ол еріп, қорытпаның түрін шатастыратын, жұмыс көбейтін, электр қуаты да артық жұмсалатын. Металдың түріне қарай қалып жасау жұмысқа көп жеңілдік келтірді. Бұл әдіс электр қуатын аз жұмсауға, жарамды өнімді көп өндіруге, адам күшін аз пайдалануға мүмкіндік берді.

Әрбір кесектің таза салмағын арттыру жөнінде де цех көрнекті табысқа ие болды. Мысалы, кесектің қорытпа жеке салмағы орта есеппен бойынша 330 килограмм болып белгіленсе, өткен жылы (1949 ж. — Авт.) 343–346 килограмм болды.

Цех 1949 жылы 1730 тонна өнімді жылдық жоспардан артық берді. Еңбек өнімділігінің жоспары 102,6 процент орындалды.

Сәбитова жолдас № 1 цехта инженер-технолог болып істегелі қолжеткен технологиялық жеңістердің кейбір мысалдары, міне, осындай...» [5]. Деректе берілген мәліметтер арқылы аз уақыттың ішінде З.Сәбитованың өз ісінің жетік маман болғандығын көрсете білген тұлға екендігін

байқауға болады. Сонымен бірге оның бойындағы білімділік пен біліктілік тәрізді қасиеттер бірін бірі толықтырып, Зылиха Нығметқызын алға қарай жетелей түскендігін аңғару қиын емес. Айналдырған екі жылдың ішінде Зылиха Нығметқызы инженер ретінде шыңдалды. Оған басшылық ұйымдастыру жұмыстарын сеніп тапсырды. Ол да өз тарапынан сеніп тапсырылған жұмыстарды дер кезінде орындауға тырысты (1-сур.).



1-сурет. Жұмыс барысында\*

Зылиха Нығметқызы бір мезгілде цехтағы өнертапқыш жұмысшылар бюросына жетекшілік жасап және цехтың рационализаторлары мен өнертапқыштарына түрлі-түрлі техникалық көмек көрсете білді. Кейін Зылиха Нығметқызы аға технолог, одан соң түсті металдар өңдеуші Балқаш зауытының құю цехы басшысының орынбасары болып жұмыс істейді.

27 жасында-ақ Зылиха Сәбитованың есімі Қазақстанның сол кездегі танымал адамдарымен қатар аталған. Сонымен қатар З.Н. Сәбитованы инженер-рационализатор, өндірісті жаңашаландырушы, көп оқыған білімді де білікті маман ретінде халық арасында танылып, жұмысшылар арасында үлкен беделге ие болды.

Зылиха Нығметқызы Сәбитова инженер-технолог, өнертапқыш жұмысшылар бюросының жетекшісі болған кезеңдерде оның цехы мемлекеттік жоспарды артығымен орындап отырған. Оны мұрағат деректерінде кездесетін мына мәліметтерден көруге болады: 1950 ж. — 111,3 %, 1951 ж. — 105,9, 1952 ж. — 106,4, 1953 ж. — 104,6 % [2].

№ 1 цехтағы атқарған жұмыстарындағы қол жеткізген жетістіктері үшін Сәбитова Зылиха Нығметқызы екі мәрте — 1950 және 1954 жылдары КСРО Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланған. 1950-ші жылдың 5 ақпанындағы «Балқаш жұмысшысы» газетінде кеңестік дәуірдің тұлғалары — И.В. Сталин, В.М. Молотов, К.Е. Ворошилов, Л.П. Берия, А.Н. Косыгин, Н.С. Хрущев, Н.А. Булганин тәрізді фамилиялардың қатарында Зылиха Нығметқызы Сәбитованың аты-жөні тұр. Төмендегі газет қиындысынан да сол жылдардағы Зылиха Нығметқызына қатысты деректік материалды көруге болады.

Ол жайлы 1950-ші жылдардағы аймақтық мерзімді басылымдарда оның кандидатурасын КСРО Жоғары Кеңесінің депутаттығына ұсынуға байланысты айтылған оң пікірлерді оқуға болады: «... Ол заводымызда алғаш қызмет істеген күннен бастап инженер-технологтың міндетін абыроймен атқара бастады. Өзінің жастығына қарамастан, еңбек сүйгіштігі нәтижесінде ел құрметіне бөленді, алғашқы күннен бастап заводымыздың мемлекеттік жоспарды көрсеткіштің барлық түрі жөнінде де орындауы, асыра орындауы жолында аянбай еңбек етті. Сәбитова жолдас техниканы жетілдіруде, технологиялық процесті жақсартуда үлгілі еңбек етуде. Ол халық сенімін абыроймен ақтай алады ...; З. Сәбитова өндірісте жақсы инженер ғана емес, белсенді қоғам қызметкері де...; ... Сәбитова жолдас заводымыздағы жас инженер-технологтардың бірі, бірақ соған қарамастан, ол жастарды ерлікке, отаншылдыққа тәрбиелеуде көп еңбек сіңірді. КСРО Жоғары Советінің депутаттығына Сәбитова жолдастың кандидатурасы өте лайықты ...» [6; 1].

\* Ескерту. Мақаланың мәтінінде берілген бұл фотосуреттер Құдышевтар жанұясы мұрағатынан алынды.

Депутаттық міндетін атқару барысында білімді инженер ретінде Балқаш қаласы мен Балқаш тау-кен металлургия комбинатының, облыстың, республиканың мүддесін беделді түрде қорғай білген. Сондықтан да мұндай құрмет ол кезде тек халықтың ішінен шыққан лайықтыларға ғана көрсетілетін.


Балқаштың түсті металдар байыту зауытының 50 жылдығына орай жазылған осы өңірдің өлкетанушысы Күләш Сардарбекованың «Сағындым мен көз көргенді» деген мақаласы Зылиха Нығметқызы Сәбитоваға арналған [7]. Мақала авторы З. Сәбитованың «1951 жылы КСРО Жоғары Кеңесінің екінші сессиясында сөйлеген сөзінде Қарағанды, Балқаш, Теміртау қалаларының маңынан көкөніс базарларын жасау туралы маңызды мәселе көтеріп, оның ойдағыдай шешілуіне іскерлікпен көмектескендігін» жазады.

Зылиха Нығметқызы Сәбитова депутат ретінде өзіне жүктелген міндеттерді үлкен жауапкершілікпен атқарған. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, Балқаш қаласының экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан өсуіне үлкен еңбек сіңіреді. Қалада көпқабатты тұрғын үйлердің, мәдениет мекемелерінің, ауруханалардың салынуына қолжеткізіледі. 1952–1957-ші жылдардың аралығында Балқашта металлургтердің Мәдениет сарайы, Фрунзе, Мир көшелеріндегі әдемі үйлер, емхана, ауруларға арналған қалашықтың ескі ғимараттары, комбинаттың көмекші шаруашылығы және басқалары тікелей Зылиха Сәбитованың көмегімен салынған. Бұдан біз қазақ қызының өзінің кіші отанына деген құрметі мен сүйіспеншілігін көреміз (2-сур.).



2-сурет. З.Н. Сәбитоваға дауыс беруге шақырған үндеу

1992 жылы Зылиха Нығметқызы Сәбитова қызмет еткен Балқаштағы түсті металдар байыту зауытының 50 жылдығына орай «Балқаш өңірі» газетінің редакциясына телефон соғып, өзінің құттықтау тілегін білдіріп, былай деген екен: «... өзім ыстық-суығын көріп, бақытым ашылған, дәмім көтерілген туған зауытымның мерейтойына құтты болсын айтқым келеді. Сырттай сұрастырып зауыттың табыстарына қуанып отырамын. Балқаш — отаным, елім. Онда ұрпақтарым да өсіп жатыр, олар да металлургия саласында жүр. Мен үшін жастығым өтіп, үлкен өмірге жолдама берген зауытым — теңдесі жоқ ыстық, қымбат, еңбек мектебі ...» [7; 2]. Зылиха Нығметқызының өз аузынан шыққан осы сөздері арқылы оның ой-толғаныстарын ғана емес, өзі қызмет еткен зауыттың бүгінгі жағдайы да кешегі инженер-технологтың үнемі жадында екенін аңғаруға болады. Шындығында, кешегісіз бүгін жоқ. Сондықтанда өміріңнің өткенін еске түсіріп, оның соңындағы ұрпағыңа жеткізе білгенге не жетсін (3-сур.).



3-сурет. КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасының З.Н. Сәбитоваға жіберген ресми хабарламасы

Сондай-ақ Зылиха Нығметқызы Сәбитова 1960 жылы наурыз айында өткен Қазақстан Коммунистік Партиясының X съезіне делегат болды. Мәскеуде өткен IV Бүкілодақтық ғылыми-техникалық қоғамның съезі жұмысына қатысты. Бұның бәріне қарапайым қазақ қызы өзінің еңбекқорлығы, өндірісте тың идеяларды тудырып, оны іске асыру көшбасшылық қасиеті танытқандығы, ұжымының арасындағы беделі, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуының арқасында қолжеткізген еді.

Бұдан басқа 1950-ші жылдары Қытай Халық Республикасына өндірістік мәселелер бойынша барған кеңестік делегацияның құрамындағы жалғыз қазақ әйелі де Зылиха Нығметқызы Сәбитова болды (4, 5-сур.).



4-сурет. З.Н. Сәбитова үкіметтік делегация құрамымен Қытайға барған сапарынан (сол жақтан екінші қатарда тұр)



5-сурет. З.Н. Сәбитованың ҚХР сапарынан

Кейін Қарағанды қаласына жұмысы ауыстырылуына байланысты, қаламызда оның қатысуымен елеулі істер атқарылған. Өмірінің соңғы күніне дейін осы жерде бас маман, облыстық ғылыми-техникалық қоғамы төрағасының орынбасары тәрізді қызметтерді атқарып, зейнеткерлікке шықты.

XX ғасырдың 50-ші жылдары қазақ жастарына үлгі болған, Қарағанды облысының дамуына үлес қосқан Зылиха Сәбитова инженер-технолог, қоғам қайраткері ғана емес, ол аяулы жар әрі абзал ана еді. Оның жолдасы Онайбек Құдышев та Қарағанды облысына танымал тұлғалардың бірі, кезінде партия-комсомол саласында қызмет атқарған. Философия ғылымдарының кандидаты, ғалым, Қарағанды педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеген. Біраз жыл

Облыстық тілдер жөніндегі басқармада еңбек еткен. Бүгінде осындай аяулы жандар өмірден өткеткенімен, арттарында ұрпақтары қалды.

Олардың қыздары да өмірлерін техникалық мамандықпен байланыстырды. Үлкен қыздары Құдышева Шайзада Мәскеудің полиграфия институтын бітірген, мамандығы технолог, қазір Алматы қаласында тұрады. Екінші қызы Гүлзада мен кенжесі Светлана екеуі де Қарағанды политехникалық институтын бітірген, қазір Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Құдышевтар жанұялық мұрағаттарында сақталып келген деректер мен фотосуреттерді пайдалана отырып, Зылиха Сәбитованың еңбек жолы туралы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіндегі «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдары Сарыарқа жерінің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірінің дамуына елеулі үлес қосқан әйелдер туралы арнайы шығарылған монографияда жазды [8; 204–206]. Ал 2017 жылдың 4 наурыз күні 1957–1993 жж. аралығында Зылиха Нығметқызы Сәбитова тұрған Қарағанды қаласы Бейбітшілік бульварының бойында орналасқан № 3 а үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Мұны Зылиха Нығметқызы Сәбитованың балаларына берген тәрбиесінің нәтижесі және бүгінгі ұрпақтың бабалар алдында орындаған парыздарының бірі деп қабылдаған дұрыс.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың 50-ші жылдарындағы ел экономикасы, саясаты мен мәдениетінің нығаюы мен дамуына өз үлестерін қосқан Зылиха Нығметқызы Сәбитова сияқты қазақ қыздарының арасынан шыққан тұлғалар баршылық. Олар өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, ауыл мен қалада еңбек етіп қоймай, басшылық жұмыстарда да өздерін көрсете білді. Мемлекеттік қызметте әйелдер республикалық дәрежедегі басшылық қызметіне дейін көтерілді. Олардың ішінде З. Омарова, М. Беғалиева, Б. Белтірікова тәрізді көптеген қазақ қыздарының есімдерін атауға болады. Олардың ізін басқан қазақ қыздары тарихтың кейінгі кезеңдерінде тіпті көбейе түсті. Ал Қазақстан тәуелсіздікке қолжеткізген соң әйелдердің қызмет ету өрісі бұрынғыдан да кеңейе түсті. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы индустриалды-инновациялық, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекет бейнесін қалыптастыруда және әлемдік қауымдастыққа танытуда әйелдер үлкен белсенділік танытуда. Кешегі З.Н. Сәбитованың замандастары мен бүгінгі сіңілілері туралы алдағы уақытта кеңірек зерттеліп, олар туралы да жазылатын болады. Ал бұл мақала солардың бастамасы ғана.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Н. Назарбаев // Егемен Қазақстан. — 2017. — 12 сәуір.
- 2 ҚОММ. — 1-п. — 1-тіз. — 74-п.
- 3 Жазық шыны өндіру технологиясы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімдік тәртібі: <http://www.ngpedia.ru/id379794p1.html>, <http://bilim-all.kz/jospar/3470>
- 4 Большая энциклопедия нефти и газа. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.ngpedia.ru/id379794p1.html>
- 5 Омарбаев Ә. Зылиха Сәбитова / Ә. Омарбаев // Балқаш жұмысшы. — 1950. — 26 ақп.
- 6 Балқаш жұмысшысы. — 1950. — 5 ақп. — 1-б.
- 7 Сардарбекова К. Сағындым мен көз көргенді / К. Сардарбекова // Балқаш өңірі. — 1992. — 14 наур. — № 19. — 2-б.
- 8 Тулеуова Б.Т. Вклад женщин Центрального Казахстана в развитие региона (30–90-е годы XX в.) / Б.Т. Тулеуова, Л.К. Шотбакова, Г.М. Смағұлова, Ж.Ж. Турсынова. — Караганда: Изд-во ТОО «TengriLtd», 2016. — 313 с.

Г.М. Смағұлова, Б.Т. Тулеуова

### Новые имена Центрального Казахстана: З.Н. Сабитова

Статья посвящена изучению отдельных эпизодов жизни и деятельности Сабитовой Зылихи Ныгметовны. Она была одной из первых казахских инженеров-металлургов послевоенного времени, в 1950 и 1954 гг. избиралась депутатом Верховного Совета СССР. З.Н. Сабитова родилась в Астраханской губернии России, школу закончила в городе Алма-Ате, высшее образование получила в Москве. Основное внимание авторы уделяют тому периоду жизни З.Н. Сабитовой, когда она работала на Балхашском металлургическом комбинате инженером-технологом в литейном цехе № 1. Разработанная ею шихтовая карта во многом способствовала улучшению производственной работы комбината. На основе редких архивных документов, многие из которых вводятся в научный оборот впервые, авторы рассматривают деятельность З.Н. Сабитовой в качестве депутата Верховного Совета СССР, в частности, ее зарубежную деловую командировку.

*Ключевые слова:* З.Н. Сабитова, инженер-металлург, инженер-технолог, литейный цех № 1, шихтовая карта, депутат Верховного Совета СССР.

G.M. Smagulova, B.T. Tuleuova

**New names of Central Kazakhstan: Z.N. Sabitova**

The article is devoted to the study of separate episodes of life and activity of Sabitova Zylia Nygmetovna. She was one of the first Kazakhs - metallurgical engineers of the postwar period, 1950 and 1954. was elected a deputy of the Supreme Soviet of the USSR. Z.N. Sabitova was born in the Astrakhan province of Russia, she graduated from the school in the city of Alma-Ata, she received higher education in Moscow. The main attention is paid to the period of Z.N. Sabitova, when she worked at the Balkhash metallurgical combine as an engineer-technologist in the No. 1 foundry. The charge model developed by her greatly contributed to the improvement of the production work of the plant. Based on rare archival documents, many of which are introduced into scientific circulation for the first time, the authors consider the activity of Z.N. Sabitova as a deputy of the Supreme Soviet of the USSR, in particular, her foreign business trip.

*Keywords:* Z.N. Sabitova, metallurgical engineer, engineer-technologist, No. 1 foundry, charge card, deputy of the Supreme Soviet of the USSR.

## References

- 1 Nazarbaev, N. (2017). Bolshakka bahdar: rukhani zhanhyru [A glance at the future: modernization of public consciousness]. *Ehemen Kazakhstan — Egemen Kazakhstan* [in Kazakh].
- 2 GAKO [SAKR]. F. 1. Op. 1. D. 74 [in Kazakh].
- 3 Zhazyk shyny — ondiru tehnolohiiasy [The flat — glass technology]. Retrieved from <http://www.ngpedia.ru/id379794p1.html> [in Kazakh].
- 4 Bolshaia entsiklopediia nefti i haza [The Great Encyclopedia of Oil and Gas]. Retrieved from <http://www.ngpedia.ru/id379794p1.html> [in Russian].
- 5 Omirbaev, A. (1950). Zalikha Sabitova. *Balkash zhумыsshysy — Balkhash worker* [in Kazakh].
- 6 *Balkash zhумыsshysy — Balkhash worker* (1950), February, 5, 1 [in Kazakh].
- 7 Sahyndym men koz korhendi [I miss those who saw me] (1992). *Balkash oniri — The art of Balkhash* [in Kazakh].
- 8 Tuleuova, B.T., Shotbakova, L.K., Smagulova, G.M., & Tursynova, Zh.Zh. (2016). Vklad zhenshchin Tsentralnoho Kazakhstana v razvitie rehiona (30–90 hody XX veka) [Contribution of women of Central Kazakhstan to the development of the region (30–90s of the 20th century)]. Karaganda: Izd-vo LLP «TengriLtd» [in Russian].